

Сабырханмен бала кезден доспыз. Мектепте бірге оқыдық. Сонғы қырық жылдың ішінде аралас-құраласып тұрамыз.- Дос болғанда ерекше. Анғал, аққоніл. Омірі біреуге түсіні суытып қорғен емес. Ашулануды білмейді. Ал ашуланса, сәл-пәл күнкілдеп, тонқылдағаннан ары аса қоймайды. Сосын- сол заматта ұмытып кетеді. Кімге қалай, мен оны өзім «Періште» деймін. Бала болып туып, бала болып қалған секілді. Сенгіштігі сондай, «мүз жанып, өгіз бұзаулап жатыр» десе де сенеді. Ештеңеге күйіп-пісіп, уайымға бас қатырмайды.

Сол бойы туып, сол бойы отпелі өмірі бір орнында тоқтап қалғандай елестейді маған. Жетпісті желкелеп жатса да шашы сол күйі қомірдей қап-қара. Алдыр-салдыр әңгімесі. Жұртпен тіл тапқыш. Жатырмайды ешкімді, шүйіркелесе кетеді. Сонан болуы керек, қалаға келгенде автобуста жанындағы адаммен абыр-дабыр болып отырып, баратын жерінен талай отіп те кететін. Сосын қайтадан қолікке кері мініп жүргені. Жиырмасыншы ғасырдың Қожанасыры осы Сабырхан досым менің. Сол Қожанасырлығы бірақ өзіне жарасып тұрады...

Мен қалада, ол ауылда. Апта сайын желпілдеп жетіп кеп тұрады. Ол кіргеннен ауылдың бес жастағы барлық баласы- үйге лап қойып кіріп келгендей. Риясыз- күлкі жүзінде. Ананы айтып тұрып, мына-ған кетеді. Сол періште кейпі... Бір қызығы, қалтасында телефон жүрсе де оны пайдаланбайды. Кейде үйде болмай қаласын. «Өуре болам-ау, білейін-ші звандап» демейді. Жоксын ба, «жок екен гой» деп кете береді. Оқпе, реніш деген онда болған емес. Маржандай тісін қорсетіп күлгенде, әлем түрленіп кеткендей. Мына безбүйрек заманда, біреулер тірлік үшін от болып жанып, күйіп жатқанда да ол сол баяғы күлкісі. Торт күбыласы түгел адамдар досыма қарап, «осы неге жетісіп күле-ді?» дейтін де шығар. Бірақ мен оның сәби болып туып, сәби болып қалған бала жүрегіне қызығам және тәтті болам.-.. Досым ұстаз болған. Осы болмысы ма, жаратылыс мінезі ме, оған да ешкім ренжімейтін шығар, сірә?! Айт-пақш-ы, оның шәкірттері көп. Оқытқан оқушылары оны ұмытқан емес. Ерекше сыйлайды. Алыс аймақтағылары ең бірінші Сабырхан-ан ағайын ансап іздеп келеді. Ешкімге қиянаты жоқ, пенде-ліктен ада жанға қайран қаласын...

Жуырда бір отырыста отыр едім. Дас-тарқан үстінде бір жігіт өзінің Иірқолден екендігін айтты. Өңгіме барысында:-

- Менің сол жақта Сабырхан деген досым бар, білетін шығарсын, бірге оқыдым, бала кезден, - дедім.

- Ага, біздің жакта үш Сабырхан бар. Кайсысы екенін кайдам? Озініз қатарлы бір қария Сабырхан бар. Оны «Қу Сабырхан» дейміз, - деді.

Біреу тобемнен мұздай суды құйып жібергендей шошып кеттім. «Қу Сабырханы» несі?!

- Жоқ, ол мүмкін емес. Басқа Сабырхан шығар? - дедім жұлып алғандай.

Сенер емеспін. Менің «Періштем» ондай емес деймін ішімнен. Бірақ ол Сабырханның әйелі мен бала-шағасының аттарын алақанға салғандай тізіп берді. Сенбесем де, «бұл ат оған қайдан жабысып жүр?» дедім. «Ойпырмай, адам аласы ішінде» дегенге ойым ауысып, ішім удай ашып қынжылып отырмын.

- Ага, ол былай болған-тын. Досыңыз ол кезде мектепте. Өне-міне зейнетке шығам деп жүрген кезі. Ауылда жаздың құйып тұрған тақырыбы бірінші шоп мәселесі ғой. Сондай қарбаласта Сабырхан ақсақал да шоп орып, оны баулап, бір жерге суындап қояды. Бірақ алып кетерге қоліктің реті келмей салыс-ы суга кетіп жүрген. Ауық-ауық торуы-лдайды мотоциклімен. Бірде барса-, шоп жоқ. Ақыл-тұқыл біреу тиеп кетіпті. Ала жаздайғы еңбегі сойтіп үшты-құллі, жел қотеріп кеткендей. Кезінде аншы болған ғой Сәкен. Ізшіл-дігі бар. Қоліктің ізін андап, донгелек-тін танбасына зер сап бағыт-бағдарын қарап дегендей біраз жүріпті. Сойтіп із ауыл шетіндегі жеке қолігі бар біреудің қорасына алып келеді. Олай қарайды, бұлай қарайды, шоптің пошымы озіні-кіне келеді. Бірақ басып қойған мори бар ма шопке? Дәлелдей ала ма? Сонымен іс бітті. Сол жылы ол малына шопті сатып- алып, ілдалдап қыстан шықты.

Келесі жылы сол жерден шопті тағы орды. Жинап қойды. Бұл жолы әдейі алып кетпей кешіктірді. «Дәніккеннен құныққан жаман» деп шоп тағы қолды болды бір күні. Із тағы сол ауыл шетіндегі былтырғы ауылдасының қорасына алып келді, жана гана жиналған шоп қораның тобесінде тұрды.

- Пәленшеке, мына шоп менің «Қызылозектің» түбегінде дайындап қойған шобіме ұқсайды, - дейді күміл-жіп.

Каркылдап квлген ауылдасы:

- Бұл ауылда сен гана «Кызылозектен» шоп орып жүрсін бе? - деп мыс-кылдап, тағы да баска ащы создермен түйреп, Сәкеннің аузын аштырмай тастайды.-

Сәкен басы салбырап бұрылып кете береді де ауылдың аузы дуалы, бұрын ауылдық кенестің торағасы қызметін атқарған, тағы баска да атқаміне-р болған- екі-үш ақсақалға барады-. Сірә, олармен бұрын сойле-сіп ескертіп қойған- ба, ақсақалдар тез жиналып келсе-, ана жігіт шоптерін жинап қорасын-ын қасында жүр екен. Аман-саулық сұрасқаннан сон ақсақалдар:

- Әй, пәленше, мынау озіннің биыл орып, жинаған шобін бе?

- Иә.

- Олай болса, үш-төрт бауын мында тасташы корейік, - дейді.

Ойында ештеңе жоқ, әлгі жігіт ақсақалдарға мысқыл күлкімен қарап қорасының тобесінен төрт-бес бауды «мә, керек болса» деп лақтырып тас-тайды. Ақсақалдар бірден қолдарын бау шоптің арасына салады. Әр баудың ішінен «Сабырхан» деп жазылған бір жапырақ қағаз шыққанда ауылдас жігіт боп-боз болып мелшиіп тұрып қалады. Жігіт сол күні кешке шопті түгелімен Сәкеннің үйіне апарып береді. Озі де көп ұзамай, жарты жылға жеткен жоқ, баска жаққа көшіп кетті.

Сабырхан ақсақалға «кү» деген сөздің жабысып жүргені содан кейін, - деп жігіт өңгімесін аяқтады.

Досыма «кү» деген ұнамсыз атты ауылдастары жақсы мағынада айтқан екен ғой деп

түйдім. «Періште» досыма риза болдым. Осындай әңгіме естіп едім деп айтқан да жокпын.

С.ЕСМАХАНҰЛЫ